

**NEWS**

**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 300 – 304

**DRAMATURGY OF ZHUSIPBEK AYMAUYTOV:  
CLASSIC TRADITIONS AND ARTISTIC OUTLOOK**

**T. S. Tebegenov**

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.  
E-mail: tebegenov@mail.ru

**Key words:** drama, world, classical, tradition, art.

**Abstract.** In the dramaturgy of Zhushipbek Aymaulytov at the level of world classic traditions the skill of the word art is colorfully described.

**ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ ДРАМАТУРГИЯСЫ:  
КЛАССИКАЛЫҚ ДӘСТҮР ЖӘНЕ  
СУРЕТКЕРЛІК ДҮНИЕТАНЫМ СИПАТЫ**

**T. S. Тебегенов**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

**Тірек сөздер:** драматургия, әлем, классика, дәстүр, өнер.

**Аннотация.** Жүсіпбек Аймауытов драматургиясындағы әлемдік классикалық дәстүр деңгейіндегі көр-кемдік сипат арқылы қазақ сөз өнеріндегі осы әдеби тек саласындағы шеберлік үлгісі айқын аңғарылады.

Әлем өркениетінің тарихында сөз өнеріндегі әдеби тек түрлерінің (эпос, лирика, драма) пайда болуының, қалыптасуының, дамуының ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүрлі жолы бар.

Планетамыздағы бес құрлықты мекендейтін халықтардың бұған дейінгі мыңжылдықтар белес-терінен өткен тарихын саралап қарастырғанда ежелгі дәуірлерде негізі қаланып, адамзат өркениеті дамуы кезеңдерінде классикалық дәстүр болған заңдылықтар, көрнекті үлгілер басты бағдарға алынады. Бұл орайда, әлемдік сөз өнері тарихындағы байырғы әдеби тек түрі драматургияның классикалық поэтикалық болмысын қазақ әдебиеттануы ғылымында тұңғыш байыптаған, тұжырымдаған Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышындағы» анықтамалық тұжырымын басты назарымызға аламыз:

«Айтыс-тартыста ақын өз басындағы емес, басқаның басындағы уақиғаны көрсетіп, өз басынан, көңілінің күйінен ешнәрсе қатыстырмайды. Бұл жағынан айтыс-тартыс әуезеге (әңгімеге) жақын.

Әуезеде (әңгімеде) бір болған уақиғаны, уақиғада болған адамдардың не істеген әңгімесін естиміз, бірақ ол адамдарды, уақиғаларды көрмейміз. Айтыс-тартыста ақынның айтқан әңгімесін естімейміз, уақиғаның өзін, уақиғада болған адамдардың өздерін көреміз. Уақиға көз алдымызда болып адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір шеккенін көреміз. Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенінше амалдап, қайратына қарай қару қылып, алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жылағаны, ойнағаны, күлгені, сүйінгені, күйінгені, жауласқаны, дауласқаны, бітіскені, жарасқаны өмір жүзіндегідей көрініп, көз алдыңнан өтеді.

Бұл шын өмірдің өзі емес, нәрсенің айнаға түскен сәулесі сияқты, өмірдің алаңда көрсетілетін сәулесі ғана. Бірақ нәрсенің айнаға түскен сәулесі қандай айнымайды, бұ да сондай шын өмірдің өзінен айнымайтын сәулесі [1,175-176-бб].

Қазақ және әлем халықтарының сөз өнері мұраларының ең байырғы үлгісі драматургиялық шығармалардың классикалық дәстүр болып қалыптасқан поэтикалық табиғатына тән жанрлық жіктелуі де зерттеушілеріміздің назарында келеді. Академик Қажым Жұмалиев драматургия жанрларының трагедия, драма, комедия атауларымен үшке бөлінетінін айтып, олардың сюжеттік, композициялық желілер арқауындағы көркем шындықпен бейнелену ерекшеліктерін атап көрсетеді:

«Бұлар өзара суреттемек болған оқиғасын және оқиғаға қатысушыларды талғап алу түріне қарап айрылады. Көркем шығармалар түрлі оқиғаларды, күресті көрсетеді. Көздеген өз мақсаттарына жету үшін, қатысушылар бір-бірімен ішкі (психологиялық) және сыртқы бөгеттермен күреседі» [2, 144-б].

Қазақ драматургиясы – әлем өркениетіндегі классикалық дәстүрлердің заңды жалғасының көрсеткіші. Ежелгі грек (Эсхил (б.д.д. 525-456 жж.), Софокл (б.д.д. 446-406 жж.), Еврипид (б.д.д. 480-406 жж. шамасы), Аристофан (б.д.д. 445-385 жж.), Рим (Сенека, б.д.д. 4-65 жж, Теренций, б.д.д. 195-159, Плавт,б.д.д. III ғ. ортасы-184 ж.), Қайта өрлеу дәуіріндегі Англия (Шекспир), Испания (Лопе де Вега, Калдерон, Франция (П.Корнель, Ж. Расин, Мольер), Ағартушылық дәуірінің (Францияда – Дидро, Германияда – Лессинг) драматургиясы да классикалық дәстүр негіздерін қалыптастырды.

Әлем өркениеті кеңістігіндегі драматургияның жаңаша қарқынмен дамуы сөз өнері тарихындағы романтизм, реализм көркемдік әдістерінің әдеби үдерістегі белсенді қолданысқа түскен кезеңінен бастап өрістеді. Еуропалық әдеби даму үдерісінде Гете мен Шиллердің, В. Гюгоның, А. Виньидің, Байронның, Шеллидің, А. Дюмонның, Г. Ибсеннің, Гауптманның, Б. Шоудың, Дж. Голсуорсидің және т.б. ондаған жаңа буын драматург қаламгерлердің пьесаларымен жалғасты.

Драматургиядағы классикалық дәстүр қазақ сөз өнерінің де тарихи-поэтикалық дамуына негіз болды. Драматургияның классикалық дәстүрі қаламгерлер пьесалары әдеби нұсқаларының театр көрермендерінің назарына сахналық қойылым арқылы көрсетуге ұсынылатын көркем әдебиет шығармалар тұрғысында танылады. Жүздеген көрермендердің алдында сахналық қойылым түрінде ұсынылатын драматургия туындылары пьесалардың композициясын құрайтын авторлық ремаркалармен, эпикалық баяндаулармен, прозалық суреттеулермен, бейнелеулермен, сонымен бірге сахналық деклорациялық безендірулермен әуездік-әуендік сарындардың естілуімен, үлкенді-кішілі жарық сәулелерінің түсірулерімен, т.б. алуан өнер түрлері тоғысуымен, тұтасуымен беріледі.

Классикалық ежелгі дәстүрлер жүйесінде кейіпкерлердің монологтары мен диалогтары арқылы олардың әрқелкі мінез-құлық психологиялық ерекшеліктері, олар өмір сүріп отырған кезеңдегі әлеуметтік-тұрмыстық, халықтық хал-ахуал анық сезіледі. Жеке адамдар және отбасылар, әлеуметтік топтар араларындағы кикілжіңдер, қақтығыстар – философияның дәстүрлі заңдылығы – қарама-қайшылықтардың күресі мен бірлігі аясында қамтылады. Бұл – көне замандардан біздің қазіргі дәуірімізге дейінгі драматургия туындыларының алтын желісі. Драматургияның ең басты классикалық осы дәстүрі хақында суреткер жазушы, ғұлама Мұхтар Әуезовтің «Драматургия заңы туралы кейбір ойлар» атты еңбегіндегі пікірі әлемдік әдебиеттануда ортақ теориялық заңдылық болып саналады:

«Конфликт мәселесенің заңды саласы – драматургиялық жанрдан алшақтатып, буалдыр түсіндірмеу керек! Оны әдебиеттің барлық түрлеріне бірдей жапсыра берудің жөні жоқ. ...Ал, драматургияда конфликт мәселесі – пьесаның жанрлық белгісін көрсететін шешуші элементтің бірі. Драма теориясының мәселесі де, міне, осы.

Бұл – өлеңді белгілейтін поэтика элементтері сияқты драматургияның негізгі компоненті. Драмалық шығарманы анықтап, проза, поэзиядан бөлектеп тұратын шартты белгі – жалғыз осы конфликт. Өзге жанрдан аққұла әрбір пьеса шиеленіскен қайшылықтарға, жігер, сезім, ой, еңбек, мақсат, т.б. қайшылықтарына құрылады. Осы қарама-қарсы линияларында конфликт тудырып дамытады. Ал, конфликт нағыз сауатты жазылған драманың өзегі, негізі болады» [3, 360-361-бб].

Сөз арқауындағы әлем өркениеті кеңістігіндегі ежелгі дәуірлерден бері үздіксіз қалыптасу, даму, өрлеу жолындағы драматургия ..... ғасырдың басындағы қазақ даласының әр аймақтарындағы

оқыған жастардың ойын-сауық, әдебиет кештері ұлттық театр өнеріне барар алғашқы қадамдарға түрткі болды.

К. Тоғысовтың «Надандық құрбаны» (Уфа, 1915) атты драмасының жеке кітап болып жарыққа шығуынан кейін қазақ драматургиясының әлемдік классикалық дәстүрге сай шығармашылық сипатын қалыптастырған Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Қоныс Кемеңгеров, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Жұмат Шанин, Бейімбет Майлин, Жиенғали Тілепбергенов және т.б. драматургтер дараланып танылды [4,286-289-бб].

Жүсіпбек Аймауытовтың драматургиясы – әлемдік классикалық дәстүр негізінде қалыптасқан қазақ сөз өнерінің көрнекті көрсеткіші. Драматургтің пьесалары – қазақ драматургиясының кәсіби шығармашылық қалыптасу, даму көрсеткіші. Оның пьесаларында сөз арқауында айтылған классикалық дәстүр ерекшеліктері толық байқалады. Жазушы-драматургтің «Ел қорғаны» (1925), «Мансапқорлар» (1925), «Қанапия мен Шәрбану» (1926), «Шернияз» (1926) [5, 428-556-бб.] атты пьесалары – әдебиетіміздің қазынасы. Жазушы-драматургтің табиғи таланты мен, адамзат өркениетінің арғы-бергі тарихындағы драматургияның театр өнерінің теориясы мен тарихын жетік білетіндігі ұлттық сөз өнерінің осы саласындағы көркем туындыларды жазуына дүниетанымдық негіз болды. Пьесалардағы көркем әдебиет туындыларына тән заңдылықтарының сақталуы мен олардың театр сахналарына қойылуы мұраттары бірлігіндегі ерекшеліктер жүйесінен қаламгердің классикалық дәстүр мен өзіндік суреткерлік дүниетаным сипаты аңғарылады.

Жүсіпбек Аймауытов драматургиясының классикалық үрдістегі поэтикалық табиғатын түсіну үшін қазіргі әдебиеттанудағы ұстаз-ғалым академик З. Ахметовтің теориялық анықтамасын бағдар ете аламыз: «Біз болып жатқан, болып өткен уақиға-жағдайларды кейіпкерлердің айтуынан біліп, солардың көзімен көріп, кейіпкердің хал-жайын, сағыныш, қуаныш-қайғыға берілуінен ойлау-сезінуінен байқаймыз. Сөйтіп, драмалық шығармада жеке адамның ойлану-сезінуін терең көрсететін лирикалық тәсіл мен тұтас боп шиеленіспен уақиғаны баян ететін эпикалық жанрға тән көркемдік тәсіл қабысып ұштасып жатады» [6, 81-б.].

Қазақ драматургиясының әлемдік классикалық деңгейде қалыптасуының бастауында тұрған суреткер-ойшыл жазушы Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығындағы пьесаларын мазмұн мен пішін поэтикасы заңдылықтары бойынша қазіргі уақыт талабына орай талдау, бағалау – өзекті мәселе.

«Ел қорғаны» атты бір перделі он бір көрінісі пьесаның тақырыбы – ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы саяси-әлеуметтік өзгерістер кезеңіндегі қазақ халқының тұрмыстық хал-ахуалы, идеясы – қазақ халқының тәуелсіз, дербес, ел болуы жолына өмірін, қызметін арнаған ел қорғаны Алаш қайраткерлерінің, ел азаматтарының, халық әскерінің азаматтық-отаншылдық, жауынгерлік болмысын бағалау. Пьесаның сюжеттік-композициялық желісіндегі қазақ халқының төңкерістер, азамат соғысы дүрбелеңдері кезінде қосақ арасында босқа қырылып, құрып кетпеуін ойлаған Алаш зиялыларының жанкешті азаматтық-қайраткерлік қызметтері, ұлттық-отаншылдық ұстанымдары. Оқыған жігіт және оның сөзі арқылы танылатын ұлтымыздың көсем. Ахмет Байтұрсынұлы бейнелері арқылы айқындалады. Пьесаның «Екінші көрініс» сахналық бөлігіндегі қазақ аулы ақсақалдарының, байлардың билердің, болыстың, кедейлердің алдына келіп, елді сақтау үшін жаңа қазақ елін қорғайтын әскер қатарына жазылуға үгіттеп тұрғанын тыңдаймыз. Пьеса кейіпкері Оқыған жігіттің бұл сөзінен Ресейде болып жатқан аласапыран азамат соғысы қырғынынан олардан тарихы да, тағдыры да бөлек қазақ халқын сақтауды ойлаған нағыз ел қорғаны қайраткер азаматтың тұлғасы дараланған:

«... Ақтың әскері еріген қардай тозып, жауынгер қызыл әскердің дүмпуіне шыдамай, қашып жатыр. Бірақ тек кетіп жатқан жоқ. Қазақтың кең даласын басып, жолындағы елді қырып-жойып, талап, бүлдіріп бара жатыр. Одан-бұдан қашқан, босқан ақтың әпесері, өңкей соғылғандарды ертіп алып, ел шауып, банды болып жүр...

Бұл қалыпта ел – ел болмайды, қазақ сықылды қарусыз, қамсыз, әлсіз ел әскердің аяғы астында тапталып жоғалып кетуі мүмкін» [5, 431-б.].

Пьесаның идеялық-композициялық желісіндегі сюжеттік даму сәттерінде қазақ елін, ауылдарды жойылып кетуден сақтау, сақтану үшін қару-жарақ берілетін әскер құруды («Әгірет болуға жігіт беріңіздер. Біз қару-жарақ берейік. Сөйтіп, ел өзін-өзі қорғасын») ұсынған Оқыған жігітті ақсақалдар ғана қолдап, басқалары қозғала қоймаған кездегі кейіпкер Оқығанның халыққа, әлеуметке арнау монологы ұлтын сүйген қайраткердің қазіргі уақытта да маңызды сөзі:

«... Бастарына бұдан да ауыр күн тумасына кімнің көзі жетеді? Мұнша қорғалап, жантәттілік қылғандарың жақсы ырым емес. Бұл – ел болмайтын елдің мінезі. Түптеп келгенде кім күшті, кім ұйымды, кім өжет болса дүниеде, сондай жұрттар ғана өмір сүреді. Қазақ сықылды қорқақ, берекесіз, әлсіз ел – ел болып жасай алмайды. Бұл – табиғаттың заңы, естеріңізде болсын» [5, 434-б.].

Пьесадағы **Оқыған жігіт** – қазақтық өзіндік ұлттық мемлекеттілігі бар халық боп сақталуы үшін өлімін, білігін, өмірін сарп еткен Алаш қайраткерлерінің жиынтық бейнесі. Пьесадағы Оқыған жігіт – Қазақ автономиясын құрып, ұлттық мемлекеттілікті, халықты сақтау үшін Кеңес үкіметі мекемелерінде еңбектен Ахмет Байтұрсынұовтың, Смағұл Садуақасовтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Қошмұхаммед (Қошке) Кеменгеровтың, Сұлтанбек Қожановтың және т.б. оқымысты қайраткер зиялыларымыздың көркем бейнесі.

Пьеса кейіпкері Оқығанның осы намысты қыздыратын, жігерді қайрайтын сөзінен кейінгі сюжеттік шарықтау шегінде елді қорғайтын әскер тобына Әбіш, Құрмаш, Домбай, Көпжасар, Ораз есімді жігіттер өз еріктерімен жазылады.

Пьесаның сюжеттік шиеленісті сәтіндегі үшінші көріністе милиционерлік қызметіндегі кейіпкер Ораздың Байбек байдың жылқысын қызмет көлігіне пайдаланауынан туындаған пікір қақтығысымен, төртінші, бесінші көріністердегі қазақ аулына келіп тонаушылық-қарақшылық жасаған бұрынғы патша әскерінің, қазіргі ақтың екі офицерінің үш солдатының жиіркенішті айуандық іс-әрекеттері (кілем, білезік, сакина, т.б. ұсақ-түйек заттарды олжа етуі, Құран кітабын тартып алып, шылым орауға пайдалануы, жас әйелді зорлауы, т.б.) сол кейіпкерлердің сахналық көріністердегі диалогтарымен беріледі. Жатжұрттық зорлықшыл ел әскерсымақтарының айуандық, қорлық, мазақ түріндегі сұмырайлық, іс-әрекеттері туралы пьеса кейіпкері еті тірі кедей Ораздың монологы шындық келбетін көз алдымызға реалистік болмысымен елестетеді:

«Ораз. Әй, қорлық-ай! Ақ некелі әйел сүндетсіздерге рәсуа болды-ау!.. Жарықтық Құран дәретсіз қолға түсті-ау!.. Таланып жатқан мүлікті не қылайын?!.. Япыр-ай! Бұ қалай болды?! Арамдалмаған, аяққа басылмаған не қалды? Мынаны көре тұра дәтін қалай шыдар? Жүрегің қалай пайыз табар? Бірақ кішкене шыдау керек. Жалғыз менің қолымнан не келеді? Қой, әзір сыр білдірмейін! Бір есебі табылар... (Сазарып, қабағы түсіп бір-екі минуттай тұрады)» [5, 440-б.].

Пьеса сюжетінің осы шиеленісі сәті – ақ бандалар зорлап жатқан әйелдің тұншыға шырылдаған даусын («Ойбай-ай! Жасаған-ай! Құдай-ай, мені неге алмады?! Ораз-ау... ағажан-ау!! Өлтірді-ау! Келсейші!) естігендегі Ораздың психологиялық құбылысты бет бейнесін суреттеген авторлық ремарка (Ораз. (бет-аузы тыржиып, тісі ырсыып, құшырланып, малға шабатын қасқырша құнтыып оңтайланады) да озбыр отаршылдықтың қорлығынан, зорлығынан әбден ашынған ашулы, айбатты, қаһарман нағыз қазақтың қанды шайқасқа ұмтылған шынайы болмысын байқатады.

Пьеса сюжетінің шарықтау шегіндегі кейіпкер еті тірі жігіт Ораздың зорлықшыл, тонаушы екі офицер мен олардың үш солдатын атып өлтіргенінен намысын қолдан бермейтін нағыз ел қорғаны батыр азамат жігіттер бейнелері дараланған. Әрине, пьесаның сюжеттік-композициялық желісінде қызыл әскер қатарына жазылып, ауылды, халықты сол қарулы жасақтарымен сақтау айтылғанмен, суреткердің поэтикалық-психологиялық мағыналық астарлары арқылы негізгі көріністердегі қимыл-әрекеттер иелері Алаш зияларының және ел ішіндегі көкірегі ояу ақсақалдардың, намысты, жігерлі, шешімтал азаматтардың нағыз ел қорғаны екендіктері танылады. Ғасырлар бойы қазақ және басқа да өзіндік тарихы бар халықтарды басқыншылық-отарлық зорлық билеп-төстеумен жазалау соғыстарымен, талаушы-тонаушы қарашылық іс-әрекеттерімен әлем алдында әбден жиіркенішті болған жатжұрттықтардың іс-әрекеттері пьеса кейіпкерлерінің монологтарымен, диалогтарымен дәйектелген:

«I ақсақал. Құдай сақтасын. Ел рәсуа болды ғой. Тек артының қайырын тілеген болмаса, қолдан келер түк жоқ.

II ақсақал. Бұл иттердің өзі неткен көп! Соғысып, қырылып жатса да таусылар емес қой!

I ақсақал. Бұ көпір өскен жұрт! Қытайдан соңғы, көп жұрт осы шығар. Кеше Шыңғысқа бой бермеген орыс емес пе?» [5, 429-430-бб.].

Ал, бұрынғы патшаның, төңкерістен кейінгі ақтың әскерінің қарақшылық-бандиттік іс-әрекеттерінің шынайы болмысы тоғызыншы көріністегі кейіпкер Әбіштің диалогымен де дәйектеле түскен:

«Әбіш. ... Қазақ ауылына келсе қойға шапқан қасқырдай есі шығып, ұмтылатын бұл иттердің әдеті емес пе? Бәрі жапырласып, үйді-үйді кезіп, жасау іздеп жүргенде жаушы-жалам бір атқа міне салып, өзекті өрлей жытқаным ғой. Қуып берді. Батырлатып атып келеді...» [5, 441-б.].

Пьесаның тілдік өрнектері көркем кестелі мағыналы қолданыстарымен ерекшеленеді. Басты кейіпкерлердің диалогтарында да, монологтарында да Қазақ Елінің дербес мемлекет болуы, халықтың бақытты тұрмыстағы мәңгілік болашағын тілеуші нағыз ел қорғаны азамат тұлғасын, ел қорғаны – қазақтың ұлттық бірлігі идеясы дараланған:

«Оқыған. ... Елге тәртіп, тыныштық арнайды. Оған дейін қырғын-сүргіннен құтыла алмайсыздар. Сол тыныштық заманға тезірек жетуге қам қылу керек. Бүгінге шейін елдің мал-мүлкі талауда, адамы атылуда келе жатыр. Қазақ не онда, не мұнда жоқ, қосақ арасында бос кетіп отыр. Қайткенде шығыннан толас боласыздар? Мал-жанға қайтсеңдер ие боласыздар?» [5, 433-б.].

Қазақ халқының отаршыл Ресейдің билеп-төстеуінен құтылып дербестенуінің бастама ісі туралы кейіпкер Оқығанның «Біз де қазаққа автономия алу жолындамыз. ... Ахмет Байтұрсыновты естулерің бар шығар! ... О кісі қазақтың автономиясын алуға Мәскеуге барды» – деген сөздеріне пьеса кейіпкерлері ақсақалдардың іле елең етіп жамыраса сөйлегендерінен («О кісі қайда? О кісі қайда? ... Ой, жарықтық-ай!») ұлт ұстазы ғалым-ағартушыны сүйген халық көңілінің ықыласын сеземіз.

«Ел қорғаны» пьесасы қаламгердің көркемдік-эстетикалық дүниетанымымен, ұлттық-азаматтық ұстанымымен Қазақ Елінің қорғаны болатын халық ішіндегі ер көңілді, батыр, батыл мінезді қаһарман-жауынгер рухты ұрпақты аңсау ойлылығымен ерекшеленеді.

Қорыта айтқанда, Жүсіпбек Аймауытов драматургиясындағы әлемдік классикалық дәстүр деңгейіндегі көркемдік сипат арқылы қазақ сөз өнеріндегі осы әдеби тек саласындағы шеберлік үлгісі айқын аңғарылады.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- [2] Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы // Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – Т. 15: Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов. Әдебиет теориясы. – 412 б.
- [3] Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет. – Алматы: ҚМҚМӨБ, 1962. – 4238 б.
- [4] Қазақстан Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 2001. – 3 т. – 720 б.
- [5] Аймауытов Ж. Шығармалары: Романдар, повестер, әңгімелер, пьесалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.
- [6] Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

#### REFERENCES

- [1] Baitursynov A. Literature tanıtqısh: Research and poems. Almaty: Atamura, 2003. 208 p. (in Kaz.).
- [2] Dzhumaliyev. Theory of Literature. Classical Studies: Volumes. Almaty: World Literature, 2013. Vol. 15: K. Dzhumaliyev, Z. Kabdolov, Z. Akhmetov. Adebiet teoriyasi. 412 p. (in Kaz.).
- [3] Auezov M.O. Time and literature. Almaty, QMQMAB, 1962. 4238 p. (in Kaz.).
- [4] The National Encyclopedia. Almaty: Kazakh Encyclopedia of the Editorial Board, 2001. Vol. 3. 720 p. (in Kaz.).
- [5] Zh. Aimauytov's works: novels, novellas, short stories and plays. Almaty: Zhazushy, 1989. 560 p. (in Kaz.).
- [6] Literature Glossary of terms. Compilers: Z. Akhmetov, T. Shanbayev. Almaty: Ana tili, 1996. 240 p. (in Kaz.).

#### ДРАМАТУРГИЯ ЖУСИПБЕКА АЙМАУЫТОВА: КЛАССИЧЕСКИЕ ТРАДИЦИИ И ХУДОЖЕСТВЕННОЕ МИРОВОЗЗРЕНИЕ

Т. С. Тебегенов

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** драматургия, мир, классический, традиции, искусство.

**Аннотация.** В драматургии Жусипбека Аймауытова на уровне мировых классических традиций красочно описывается мастерство искусство слова.

Поступила 27.01.2015г.